



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісі  
«Ақ жол» және «Ауыл» партиялары  
фракция депутаттарына  
(тізім бойынша)

2024 жылғы 18 сәуірдегі № ДС-162 сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Еліміздің аймақтарындағы су тасқыны жағдайы бойынша депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Су тасқыны жағдайы орын алғалы елімізде барлығы 157 елді мекен көлік қатынасынсыз қалған болатын. Аталған елді мекендерде халық саны – 61867 адамды құрайды.

**Анықтама:** Абай облысы – 11, Ақмола облысы – 50, Ақтөбе облысы – 29, Батыс Қазақстан облысы – 23, Қарағанды облысы – 5, Қостанай облысы – 22, Солтүстік Қазақстан облысы – 8, Түркістан облысы – 2, Ұлытау облысы – 2, Шығыс Қазақстан облысы – 3 елді мекен.

Қазір таңда Ақтөбе облысында Ырғыз ауданында 2 елді мекен (Құйлыс – 87 үй, 541 адам және Жайсанбай – 74 үй, 485 адам) көлік қатынасынсыз қалып отыр. Құйлыс ауылынан 305 адам қауіпсіз жерге көшірілді, ауылда 93 адам бақылау және күзет жұмыстарын жүргізуде, ал Жайсанбай ауылынан эвакуация жүргізілген жоқ.

Жоғарыда аталған елді мекендерге жергілікті атқарушы органдардың және қайырымдылық қорларының ұйымдастыруымен азық-түлік өнімдері, дәрі-дәрмек және ең қажетті заттар Төтенше жағдайлар министрлігінің жүзу құралдары және Қорғаныс министрлігінің тікұшақтарымен уақытылы жүргізілді.

Сонымен қатар Қорғаныс министрлігінің күштерімен Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылына және Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Прибрежное ауылына паромдық өткелдер ұйымдастырылған.

Техникалық сипаттамасына сәйкес Төтенше жағдайлар министрлігі теңгеріміндегі дрондар жүк тасымалына арналмаған. Олар жағдайды визуалды бағалау, дауыстық ақпаратты жіберу (құлақтандыру), өрт ошағын анықтау, мұздықтардың еруін, жету қиын таулы жерлерде гидротехникалық құрылыстардың жай-күйін бақылау үшін қолданылады.

Су тасқыны басталғаннан бері республика бойынша 50000-нан астам волонтерлар түрлі қызмет түрлеріне көмек көрсетті, бүгінгі күні Атырау облысында төтенше жағдайдың алдын алу және жою бойынша жұмыстарға 1739 ерікті қатысуда.

Волонтерлар қауіпсіз жерде жүргізілетін *(бөгендерді нығайту және инертті материалды қаптарға салуға, түскен гуманитарлық көмектерді жинақтау, іріктеу және тарату, халық арасында қалыптасқан жағдай жөнінде хабар беру, т.б.)* жұмыстарға және азық-түлік пен қажетті заттарды өткел орнына жеткізуге тартылды.

Жалпы, су тасқыны салдарын жою жұмыстары жалғасуда және Үкімет пен уәкілетті органның бақылауында.

**Қ. Бозымбаев**

## **Парламент Мәжілісі депутаттарының тізімі**

«Ақ жол» Қазақстан Демократиялық партиясы фракциясының депутаттары

Е.С. Бейсенбаев

А.Т. Перуашев

Д.М. Еспаева

Е.Х. Барлыбаев

Қ.Ж. Иса

А.А. Садықов

«АУЫЛ» халықтық-демократиялық партиясы фракциясының депутаты

Қ.Ж. Абден